

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 542 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2 -3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66 -құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат):

51-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында "соның ішінде" деген сөздер "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша," деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжаттар):

1) 741-баптағы "және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң актісінде" деген сөздер "және Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заң актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 742-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) екінші кезекте еңбек шарты, оның ішінде келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін адамдармен жұмыстан шығу жәрдемақыларын төлеу және еңбекақы төлеу жөніндегі, авторлық шарт бойынша сыйлықақы төлеу, клиенттің міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына және міндетті әлеуметтік аударымдарды

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аудару жөніндегі міндеттемелері бойынша есеп айырысу үшін ақша алуды көздейтін атқару құжаттары бойынша ақша алу жүргізіледі;"

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат):

1) мынадай мазмұндағы 88-1-баппен толықтырылсын:

"88-1-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу

1. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры мен Зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың лауазымды адамдарының кінәсінен Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарында белгіленген мерзімдерде әлеуметтік төлемдердің төленбеуі,

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жеке кәсіпкердің, жекеше нотариустың, адвокаттың, заңды тұлғаның немесе оның лауазымды адамдарының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды аудару жөніндегі міндетті орындамауы немесе тиісінше орындамауы, - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, адвокаттарға немесе заңды тұлғаларға - аударылмаған (уақтылы аударылмаған) әлеуметтік аударымдар сомасының елу проценті мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 570-баптың бірінші бөлігі "88 (үшінші бөлігінде)" деген сөздерден кейін ", 88-1 (екінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 574-баптың бірінші бөлігіндегі "88-бабында (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздер "88 (бірінші және екінші бөліктерінде), 88-1 (бірінші бөлігінде) - баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 11, 67-құжат):

1) 1-баптың 14) тармақшасындағы "ақы төлеу," деген сөздерден кейін "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеу," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 11-баптың 2-тармағы "төлеу" деген сөзден кейін ", Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 18-баптың 2-тармағында:

3) тармақша 4) тармақша деп есептеліп, мынадай редакцияда жазылсын:

"4) борышкердің қызметкерлеріне төленуге тиісті еңбекақы мен өтемақылар бойынша берешек сомасы; Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеу бойынша берешек сомасы; авторлық шарттар бойынша төлеуге есептелген сыйлықақы сомасы;"

4) тармақша 3) тармақша деп есептелсін;

4) 29-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "ақы төлеу," деген сөздерден кейін "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеу," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 47-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "авторлық" деген сөздің алдынан "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар төлеу жөнінде және" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 75-баптың 3-тармағындағы "оның ішінде" деген сөздер "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 78-баптың 4-тармағында "оның ішінде" деген сөздер "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастан қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті